

ISSN 2616-9320

CENTRAL ASIAN JOURNAL OF TRANSLATION STUDIES

№ 1(2) 2019

#1



KAZAKH ABLAIKHAN UNIVERSITY OF
INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD
LANGUAGES



PUBLIC FUND
"TRANSLATORS OF KAZAKHSTAN"



THE JOURNAL IS REGISTERED WITH THE MINISTRY OF INFORMATION AND COMMUNICATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

CERTIFICATE № 16822-Ж ASTANA, 2017

EDITORIAL TEAM



Chief Editor:

S. S. Kunanbayeva - Professor, Academician of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Responsible editors:

A.T. Chaklikova, Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

B. Mizamkhan, Ass. Prof., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

N.A. Aubakir, MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Editor's assistants:

G.S. Assanova PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

K.M. Zhampeyis C.Phil.Sc., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

A.B. Baidullayeva PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

Sh. O. Saimkulova MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Technical editor and design:

R.A. Musataev MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

N.A. Aubakir MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Consultants:

Anna Oldfield, University of South Carolina, USA

Christopher Baker, American University of Central Asia, Kyrgyzstan

Uldanay Bakhtikereeva, PhD, prof., PFUR, Russia

Kim Chang Ho - PhD, professor, Pusan University of Foreign Languages, South Korea

Shabdiz Orang - PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

V.I. Karasik, D.Ph.S., Professor, Volgograd Technical University, Russia

МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕЛІЛІКТІ ҚҰРУ АМАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР

Zhansultanova A. Ch.¹

¹6M020700 - Аударма ісі - мамандығы бойынша

2-оқу жылы магистранті

ҚазХҚ және ӘТУ,

Алматы, Қазақстан

E-Mail: aina_zhansultanova@mail.ru

Андатпа: Берілген мақала көркем әдебиеттегі мәдени-әлеуметтік бейнелілікті құру амалдарын аударудағы қиыншылықтар қарастырылған. Автор мәдени-әлеуметтік бейнелілікті құру амалдарына, олардың құрылымына тоқталады да, сондай тілдік құралдар арқылы мәдени және әлеуметтік ерекшеліктердің суреттелу құбылысын түсіндіреді. Сонымен қатар, көркем шығарманы аудару кезінде аудармашы назар аударуы қажет бірқатар факторлар турасында көзқарастар ұсынылған. Мәдени-әлеуметтік бейнелілікті аудару кезінде орын алатын қиыншылықтарды, оларды аудару тәсілдері мен амалдарды көрсету үшін, ағылшын әдебиетінің әлемге әйгілі жазушысы Агата Кристи шығармалары және олардың қазақ тіліне аударылған мәтіндер негізінде мысалдар берілген.

Тірек сөздер: мәдени-әлеуметтік бейнелілік, бейнелілікті құру амалдары, фразеологизм, теңеу, метафора, көркем аударма, аудару мәселелері.

Мәдени-әлеуметтік бейнелілікке тұлғаның белгілі бір мәдени және әлеуметтік орта мүшесі болуы салдарынан қалыптасқан ерекше белгілер, сол белгілердің көрініс табуы тән. Бұнда тұлғаның мәдениетін жан-жақты түсініп ұғынуы байқалады, ал бейнеліліктің әлеуметтік құрамы қоғам мүшелері арасында бекітілген, клишеленген сөз тіркестері арқылы орын алады. Басқа сөзбен айтқанда, мәдени-әлеуметтік бейнелілік – бұл әлеуметтік мәдениеттің тұлға санасында суреттелуі. Бейнеліліктің бұндай түрінің негізінде қоғамдық тәжірибе жатыр. Әдетте, осындай бейнелілікті құруда қолданылатын

бейнелілік құралдар лингвистикалық сөздіктерге енгізіледі. Оларға тұрақты тіркестер, фразеологизмдер, идиомалар, клишелер, мәтел-мақалдар жатады. Мәдени-әлеуметтік бейнеліліктің негізі ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені білу деңгейін атаса болады. Бейнеліліктің бұл түрінің аясында пайда болатын бейнелерді адам мәдени білімінің немесе интеллектуалды деңгейіне сәйкес қабылдайды және түсінеді. Тілдік бейнелілікті жеке тұлғалық және әлеуметтік мәдениет белгісі ретінде қарастыруға болатынын барынша негізделген тұрғыдан дәлелдейді. Сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік

бейнелілік айтылым авторының қарастырылып отырған мәселе турасындағы білімін барынша танытады.

Бейнеліліктің басқа да түрлері сияқты, мәдени-әлеуметтік бейнелілік, жоғарыда аталған тілдік құралдардан басқа, стильдік бояулар арқылы да пайда болады. Оларға метафора, метонимия, синекдоха, гипербола және т.б. жатқызуға болады.

Мәдени-әлеуметтік бейнелілік автордың қарастырып отырған мәселе бойынша білімін барынша көрсетіп бейнелейтін бейнелілік түрі. Бейнеліліктің мұндай түрінің түп негізінде жеке тұлғаның қоғам тәжірибесін түсіну деңгейі жатыр. Бұндай бейнелілік аясында пайда болатын бейнелерді адам мәдени және білімдік немесе интеллектуалды деңгейі арқылы түсінеді. Олардың мағынасын адамның ой-өрісіне жүгіну арқылы ғана ашуға болады.

Мәдени және әлеуметтік бейнелілік арқылы қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері, мораль, тұрақталған қағидалар жайында түсінік беріледі. Мысалы, бұрын мынадай сөз тіркесі жиі қолданыста болған: “to honour somebody’s roof”. Қазір бұндай сөз тіркесін пайдалану салдарынан әңгімелесуші айтылған ойды дұрыс түсінбей қалуы (ирония, сарказм немесе басқа да мағына) мүмкін [1].

Бейнелілікті құрудың лингвистикалық құралдары ретінде бейнелі ойдың минималды қарапайым моделін ұсынатын бейнелі сөз немесе қандай да бір бейнелі құралдар болуы мүмкін.

Бейнені құрайтын сөз емес, алайда ол бейне шеңберінде салыстырылып отырған немесе бірінен-бірі көрініс беретін заттарды белгілеу құралы ғана болып табылады. Бейнелілік ассоциативті байланыстар негізінде құрылады. Ондай байланыстар адам санасында заттар мен құбылыстарды салыстырған кезде пайда болады [2]. Мағынаны ауыспалы немесе бейнелі деп атау үшін, ол затты атаумен қатар, оны басқа затпен ұқсастығы немесе байланысы арқылы сипаттауы, суреттеуі қажет [3].

Образды бейнелеуіш құралдар – сөйленіске әсерлілік беретін тілдік құралдардың тобы. И.В. Арнольд экспрессивтік құралдардың айшықтау және бейнелеуіш функциялары бар екендігін айтады [4].

Бейнелі салыстырудың ерекшелігі арнайы көмекші сөздердің қолданылуы болып табылады. Олардың көмегімен тілдің құралдарға компаративтілік мағына беріледі. Қазақ тілінде ондай сөздерге мыналар жатады: секілді, тәрізді, сияқты және т.б., ағылшын тілінде: “like”, “as”, “as like as”, “than” және т.б. Салыстырылып отырған заттың мәні, мазмұны, сапасы оның басқа бір затпен өзара әрекеттестігі нәтижесінде пайда болады. Салыстырылып отырған заттардың екіншісі біріншісін қайталайды деген пікір дұрыс емес. Бейнелі салыстыру бір затты екіншісіне бағындырмайды. Онда екі жеке дара түсініктің әрекеттестігі негізінде жаңа мағына тудырады [5].

Метафораға берілген көптеген анықтамалар оның бейнелі салыстырумен шығу тегі бойынша

жақындығын аңғартады. Олардың арасындағы байланысты бірінші болып Цицерон мен Квинтилиан анықтаған. Олардың есептеуінше, метафора – қысқартылған салыстыру.

И.В. Арнольд метафораны бір зат атауын екінші бір затты сипаттау үшін пайдалану арқылы жүзеге асатын жасырын салыстыру ретінде қарастырады. Демек, салыстыру екінші бір заттың немесе құбылыстың маңызды бір қасиетін ашып көрсетеді [6].

Метафора – бейнелілікті жүзеге асырудың бірден-бір құралы. Метафора сипаты бойынша бейнелі болуы қажет, ал салыстыру үшін бейнелілік міндетті қасиет болып табылмайды. Себебі салыстыру сөздің ауыспалы емес, тура мағынасына негізделеді. Әдетте, метафора тасымал, ұқсастық негізінде мағынаны алмастыру ретінде қарастырылады.

Метафора – тасымалдау, мәні бойынша әр түрлі образдарды теңестіру. Метафора салыстырылып отырған екі ұғымға тән қасиеттердің арасындағы ұқсастықтарына негізделген. Мүлдем басқа ұғымдарды теңестіру нәтижесінде бейнелілікке айтарлықтай ауқымды әсер береді [7].

Мақал-мәтелдер – сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Мақалда ойдың тезисі мен дәлелдемесі бірлеседі. Мәтелде соның бірі ғана болады. Мақалға

афоризм, канатты сөздер (идиоматизм) жуық келеді. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүйуге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген [8].

Мақал-мәтелдерден біз белгілі бір халықтың этнос болмысын, оның рухани-заттық мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімін т.б. туралы бай информация аламыз [9].

Мақал-мәтелдер – халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылады. Әр халықтың мақал-мәтел қалыптастырудағы мәдениетке, наным-сенімге, дәстүріне байланысты өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары болады. Аудармашы үшін өз мәдениеті мен өзге мәдениетті біліп отырып салыстыра, салғастыра аударып тұжырым жасау әрқашан да ең қиын әрі күрделі жұмыс [10].

Фразеологиялық теңеулер мақал-мәтелдер тәрізді жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасына жатады. Сондықтан туыстас немесе туыстығы жоқ

тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Фразеологиялық теңеулер - кемінде екі компоненттен құралған, ұқсас және ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші бір затпен салыстыру арқылы жасалған тұрақты сөз тіркестері. Фразеологиялық теңеулер әртүрлі құбылысты өзара салыстыра, бейнелей сөйлеу мақсатында экспрессивті-эмоционалдық қызметте қолданылатын тілдік құрал. Олар көбіне дүниені бағалауыштық коннотациялар арқылы экспрессивті бейнелеп, тілдік жанама номинациялық құрылымға енеді [11].

Әрбір тілдің өзінің бейнелілік жүйесі болады. Ондай жүйенің сипаты жалпы әлем бейнесінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ сол тілде сөйлеушілердің әлеуметтік мәдениетінің ерекшеліктеріне негізделеді. Сол себепті әр тілде арнайы бейнелі тілдік құралдар болады. Олардың мағыналары басқа тілдерде басқа тілдік құралдар арқылы жеткізіледі. Оған қоса, адам бейнелілікті әлеуметтік мәдениетпен байланыстыра реттейді. Оған қоса, адам тілдік бейнелілікті әлеуметтік және жеке тұлғалық мәдениетпен байланыстырады.

Тіл және қоғам – адам қызметінің нәтижесі. Тілдік бейнелілікті де адам құрайды және оны адам қарым-қатынас процесі кезінде қоғамда атқаратын әр алуан рөлдерге сәйкес белгілі бір формада

қайта құрып отырады. Бұл кезде келесі факторлар да есепке алынады: жас, жыныс, ұлт, шығу тегі, әлеуметтік күйі, класс, кәсіби қызмет аясы, білім деңгейі және саласы, өмір сүру уақыты мен орны және т.б. Адам қоғамда бөлек емес, әдетте бірнешеуін қатар атқаратын рөлдерді тіл білімінің ережелеріне сәйкес адамның қоғамдағы лингвистикалық мінез-құлық мәнерін белгілейтін социолингвистикалық дифференциалдаушы белгілер ретінде қарастыруға болады [12].

Мәдениеттің тілге әсер етуі әр түрлі мәдениет жағдайында қарым-қатынас процесінде көрініс табады. Мұндай қарым-қатынас тілдің лексикасы мен грамматикасына, сондай-ақ тілдің нормативтік-стилистикалық ерекшеліктеріне ықпал етеді. Кез келген мәдениетте адамдардың әрекеттері олардың белгілі бір жағдайларда өздерін қалай ұстау керектігі тұрасындағы нормаларына негізделеді. Мәселен, жаяу жүргінші, жолаушы, не дәрігер, емделуші, қонақ, қожайын, сатушы, сатып алушы, официант, клиент және т.б. өздерін қалай ұстау бойынша адамдарда белгілі бір түсініктер бар. Әлеуметтік психологияда өзін-өзі ұстаудың бұндай модельдерін немесе шаблондарын тұлғаның әлеуметтік рөлдері деп атайды.

Рөлдік әрекеттердің маңызды компоненттерінің бірі сөйлеу болып табылады. Әрбір әлеуметтік рөлге белгілі бір сөйлеу мәнері, тілдік құралдардың өзіндік жиынтығы тән. Адамның қандай да бір рөл атқарғандағы сөйлеу мәнез-құлқы қоғамның мәдени нормаларына негізделеді. Әр түрлі халықтарда

бірдей жағдайлардағы қарым-қатынас (мәселен, әкенің ұл баласымен сөйлесуі, күйеудің әйеліне сөйлеуі, ұстаз бен шәкірт арасындағы сөйлеу, қожайын мен қонақ, басшы мен оның қоластындағы қызметкер арасындағы қарым-қатынас және т.б.) әр алуан стилистикалық реңк аясында орын алады. Бір мәдениетте орын алатын балалар мен ата-аналары арасындағы әңгімеге қатты стилистикалық қарама-қайшылық (құрметтеу формалары, бағыныштылық белгілері, ата-анасына сіз деп сөйлеу және т.б.) тән болса, басқа бір халықтарда бұндай түрдегі әңгіме тең дәрежеде өтеді.

Демек, сөйлеу мәнез-құлқының ұлттық мәдени ерекшеліктері бірдей стилистикалық таңбалаушылыққа (белгіленушілік) ие стилистикалық құралдар әр түрлі мәдениеттерде ұқсас келмейтін коммуникациялық ситуацияларға, әртүрлі мінез-құлық стереотиптеріне байналысты болу мүмкіндігінде байқалады [13, 59-60].

Мәдени ерекшеліктерге негізделген мағына білдіретін сөздер тілдік қоғамға тән өмірді ғана емес, ойлау ерекшеліктерін де көрсетеді (А. Вежбицкая, С.Г. Тер-Минасова). Әр түрлі тілдердің семантикалық жүйелерінің негізінде қандай да бір лингвомәдени қоғам өкілдерінің санасында қалыптасқан ұғымдық жүйелер орналасқан. Лингвистикалық зерттеулерде ұғымдық жүйелерді қалыптастыруда әмбебап, жалпы адамдық факторлардың маңыздылығы жайында жиі айталады: материалдық дүниенің, өмірдің бастапқы жағдайларының бірлігі, өркениет

жағдайында адамдар қызметінің жалпы магистралды бағыты, адамның қоршаған ортаны қабылдаудың ортақ механизмдері (М.В. Никитин, Н.Г. Комлев).

Барлық жалпы, ортақ жағдайлар мен ерекшеліктермен қатар, әрбір халықтың өмірінде өзіне ғана тән мәдениет, тұрмыс, қоршаған орта реалийлері бар. Бұндай реалийлер басқа халық мәдениетінде (және ұғымдық жүйесінде) мүлде болмауы немесе оларға кішкене болса да ұқсас түсініктер сәйкес келеді (Г.Д. Томахин, М.В. Никитин, Г.В. Колшанский, С.Г. Тер-Минасова).

Барлық осындай реалийлер тілде, ең алдымен мәдени сипаттағы өркениеттің аталған арнайы элементтерінің тілдік белгілері (ұлттық сөздік бейнелер) ретінде көрініс табады.

А. Вежбицкаяның пайымдауынша, мәдени ерекшеленген сөздер халықтың әр алуан заттар турасында белгілі бір тәсілдер арқылы ойлары және іс-әрекеттері жөніндегі өткен тәжірибесін бейнелейтін ұғымдық құралдар болып табылады, олар сол тәсілдерді тарихта қалдыруға ықпал етеді (А. Вежбицкая).

Қазіргі кезде белгілі бір тілде сөйлейтін адамдар мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін байнелейтін құралдар атауларын зерттеу өзектілігі соншалық тіпті оларға көптеген терминдер белгіленген: эквивалентсіз лексика, жартылай эквивалентсіз лексика (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, А.С. Мамонтов), реалийлер (Г.Д. Томахин, В.В. Ощепкова, С. Влахов, С. Флорин), лакуналар (В.А.

Муравьев, Ю.А. Сорокин), фондық лексика (Г.Д. Томахин, Ю.А. Воробьев, В.В. Ощепкова), ұлттық сөздік бейнелер (В.В. Ощепкова), экзотикалық лексика (В.П. Берков), культуремалар (В.В. Воробьев) және т.б.

Бұндай сөздер семантикасын зерттеушілер тіл мен мәдениет барынша жақындасатын орта ретінде қарастырады.

Әр түрлі мәдениет өкілдерінің санасында сөз арқылы туындайтын бейнелер әрдайым бірдей бола бермейді. Бұның себебі – қоғамдардың өмірлік тәжірибенің, мәдени-тарихи мұраның өзгешеленуі, ұғымдардың сәйкес келмеуі және т.б. Бейненің сөздік көрінісі (словесное выражение) тілдегі атау қою заңдарына негізделеді. Ал бейненің құрылуы мен сипаты сөздің ішкі формасы және оның ассоциативті мағыналары арқылы анықталады.

Тіл, ойлау және тілден тыс болмыс арасындағы байланысты көрсететін негізгі тілдік бірлік ретінде сөз лингвистикалық мағынаға ие бола отырып, сол тілде сөйлеушілер мәдениетінің көрініс табу құралы болып табылады. Сөз мағынасының семантикалық құрамындағы элемент оның ұлттық-мәдени аясын құрайды. Мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздің ұлттық-мәдени аясын түсінген маңызды, қандай да бір тілде белгілі бір затты білдіру үшін қандай тілдік бірліктер қолданылатынын, сөз мағынасында объективті болмыстың қай элементтері көрсетілетінін (пайдаланылатынын және бекітілетінін), әр түрлі

лингвомәдениет өкілдерінің тіл семантикасында «тілдік пішім сипаты», дүниені қабылдаудың немесе жіктеудің өзгешелігі қалай көрініс табатынын білген қажет (В. Гумбольдт, Э. Сепир) [14].

Мәдени-әлеуметтік бейнеліліктің тағы бір компоненті әлеуметтік құрауыш жөнінде да айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Тілдің басқа құрылымдық жүйелеріне қарағанда лексика әлеуметтік факторлардың ықпалына едәуір тәуелді болып келеді. Лексикалық-семантикалық жүйеде мыналарды ажырата білген жөн: а) әлеуметтік тұрғыдан бейтарап сөздер (аяқ, қол, көз, бас, ағаш және т.б.) және ә) әлеуметтік ерекшеліктерге негізделген мазмұнға ие сөздер (демократия, партия, философия, өнер және т.б.).

Әлеуметтік факторлардың рөлі фразеологияның дамуында, мақал-мәтелдердің және тұрақты орамдардың (оборот) пайда болуында аса зор. Бұндай тілдік бірліктерден әлеуметтік тәжірибенің, халық даналығының жалпыланған сипаттамасын, сондай-ақ сыртқы факторларға негізделген (соның ішінде шет ел тілдерінің терминологиялық фразеологизмдеріне) әр алуан семантикалық құбылыстарды көреміз.

Әлеуметтік ерекшеліктер сөз мағынасын поэзия мен прозада эстетикалық тұрғыдан түсінуде айрықша байқалады. Бұл тұрғыдан қарағанда, метафора, метонимия, гипербола, синонимия, омонимдер және сөзді эстетикалық тұрғыдан

өңдеудің басқа да амалдары айтуға болады [15, 166-167].

Тілдің лексикалық қоры сол тілде сөйлейтін қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жинақы түрде бейнелейді. Сөздік құрамда тілдер арасындағы мәдени ерекшеліктер барынша анық көрінеді. «Кез келген тілдегі сөздер мен түсініктердің көпшілігі басқа бір тілдегі сөздер мен ұғымдардан мүлдем өзгеше болып келеді. Олардың қатарына тек терминдерді жатқызбауға болады» (Щерба 1974: 299). Тілдер арасындағы лексикалық өзгешелік деңгейін сол тілде сөйлейтін қоғамдар мәдениетінің өзгешелену деңгейімен өлшенеді. «Еуропалық әдеби тілдердің көпшілігі латын тілінің негізінде пайда болуына байланысты және кейіннен бір-біріне ықпал етіп отыру салдарынан, еуропалық әдеби тілдердің көбісінің түп негізінде азды-көпті болса да бір-біріне ұқсас ұғымдар жүйесі тұрақталған. Сондықтан, айталық, қытай немесе санскрит тілінен қандай да бір еуропа тіліне аударудан гөрі, бір еуропалық тілден екінші бір еуропалық тілге аудару әлдеқайда оңай [16, 298-299].

Аудармашы назар аударуы қажетті жәйт – түпнұсқа мәтін оқырманының түсініктері мен білімі аударма мәтін оқырманының түсініп-білгенінен ерекшеленетіні. Сол себепті сөзбе-сөз аудару кезінде түпнұсқа мәтіндегі ақпарат оны ойлау мәнері басқа және жиған білімі өзгеше болатын оқырман түсінігінде мүлдем басқа мағынаға ие бола шығады [17, 58].

Қазіргі кезде шынайы тұжырым ретінде қалыптасқан аударманың негізгі ережесі бекітілген. Онда былай делінген: басқа елдегі тұрмыс ерекшеліктерін аударылмай қалған формалистік сөздер арқылы емес, аударылып отырған тілдің құралдары арқылы аударылып отырған кітапта түпнұсқа тілімен жеткізілген ерекше жағдайда, тұрмыс ерекшеліктері мен ғұрыптарды дұрыс қайта құру арқылы бейнелеген қажет.

Бейне, көңіл-күй, ой мен сезім... бұның барлығын жеткізу өте қажет, ал түпнұсқа мәтін әріптеріне ғана жүгіну арқылы оларды жеткізу мүмкін емес.

Түпнұсқаны толық әрі барынша бейнелі түрде беру, ой, сезім, стильдің барлық қырларын жеткізу мәтін әрпінен, сөзбе-сөз аударудан алшақтау жолымен, аударылып отырған тілдің құралдары мен ережелерін сақтай отырып қана жүзеге асыруға болады [18].

Нағыз аудармашының жолы осы жерден басталады. Яғни шет ел тіркесінің құлы болмай, түпнұсқаның әрпі емес, рухы ең мағызды нәрсе деп санай білген жөн.

Батыс еуропа тілдерімен салыстырғанда қазақ тілінде сөз тіркестерді, сөйлемдерді еркін құру қиынға түседі. Олардағы логикалық және эмоционалдық екпін әдетте сөйлем соңына түседі. Ал ағылшын тілінде ондай екпін басында кездеседі. Сондықтан түпнұсқа құрылымын сақтаған кезде, қазақ тіліндегі сөйлем құрылымы бұзылып, тіпті мағынаны да бұрмалап жіберуі мүмкін.

Аударған кезде түпнұсқа мен аударма мәтіндегі сөздерді саны

бойынша тексеріп отырудың қажеті жоқ. Бұл туралы Цицерон да айтып кеткен: «аударма кезінде сөздерді санау қажет емес, олардың мәнін теңестіру керек.

Сонымен, мәдени-әлеуметтік бейнелілікті аудару тәсілдерін мысалдармен түсіндіре кетейік. Төменде берілген мысалдарда Агата Кристи шығармаларында кездесетін бейнеліліктің қазақ тіліне Әділ Ахметов орындаған аудармалары негізінде талдау ұсынылған.

Мысалы, келесі үзіндіде үй суреттемесі берілген:

*It had come from somewhere quite near at hand. This particular part of the course was quite wild country, and there were few hoses about. Infact there was only one near at hand, a small picturesque cottage, which Jack had often noticed for its air of **Old World daintiness**. It was hidden from him by a heather-covered slope, but he rounded this and in less than a minute was standing with his hand on thesm all latched gate. (Agatha Christie “The Mystery of Blue Jar”).*

Аудармада былай жеткізілген:

*Әлгі дауыс сол төңіректен, жап-жақын жерден естілген болатын. Апаңның бұл шеті даламен шектесетін және ол арада шамалы гана үй бар-тын. Ал алаңда таяу жерде жалғыз гана шағын коттедж тұрған. Оны Джек жиі байқайтын, өйткені бұл **Европа үлгісімен** салынған әдемі үй болатын. Джек сол үйге қарай жүгірген. Үй аюқұлақ жамылған дөңестің қалқасында болатын. Әлгі жерді айналып өтіп, ол лезде-ақ құлыптаулы кішкентай қақпаға жетіп келді. (Агата Кристи «Көк құмыраның сыры»).*

Берілген мысалдан жасай алатын қорытынды: үйдің сырт келбетін сипаттауда түпнұсқа мәтінде қолданылған «Old World daintiness» сөз тіркесі қазақ тілінде аударылған кезде қазақ тілінде сөйлейтін, яғни басқа мәдениет өкілдері болып табылатын, соның салдарынан тұрмыс-тіршілігі, қоршаған ортасы әр басқа аудитория үшін автор ойын тура жеткізу мақсатында «Европа үлгісімен салынған үй» деп жеткізілген.

Келесі мысалда қыздың келбетін суреттелген:

*In another minute, one of the most charming girls I have ever seen was ushered into the room. She was perhaps about **five-and-twenty**, with big brown eyes and a perfect figure. (Agatha Christie “The Million Dollar Bond Robbery”).*

Аудармашы келесідей аударған:

*Көп ұзамай үйге бір көрікті қыз кіріп келді: **сұңғақ бойлы**, қоңыр көздері үлкен, дене бітімі сымбатты. Файып болған миллион. (Агата Кристи «Файып болған миллион»).*

Яғни, ағылшын мәдениетінде адам бойын суреттеуде қолданылатын фунт өлшем бірлігін қазақ тілінде пайдаланылмайды. Сол себепті, аударылған мәтінді қазақ тілді аудиторияға барынша түсінікті ету мақсатында аудармашы «about five-and-twenty» сөз тіркесін «сұңғақ бойлы» сөздерімен алмастырады.

Ал мына бір мысалда аудармашы алып тастау амалын пайдалған. Олай жасаудың мақсаты: ағылшын адамдарына таныс болатын, Ұлыбритания ресторандарында кездестіруге

болатын тағамдарды шығарманы қазақ тілінде оқитын оқырмандарға ешқандай да мәлімет бермейтіндігі, әсер етпейтіндігі. Сол себепті, аудармашы оларды алып тастауды жөн көрген секілді:

Whilst we discussed the excellent steak and kidney pudding of the establishment, Philip Ridgeway narrated the circumstances leading to the disappearance of the bonds. (Agatha Christie “The Million Dollar Bond Robbery”).

Біздер дәмді даярланған ресторан тағамын сөз етіп отырғанда Флип облигациялардың қандай жағдайда ұрланғанын баяндап берді. (Агата Кристи «Ғайып болған миллион»).

Тағы бір мысалда алып тастау амалы пайдаланылған. Бұл жерде аудармашы суреттеу кезінде шығарма авторы қолданған Лондондағы Англия банкі орналасқан көше атауын аудармаға қоспайды. Мүмкін, олай жасауының себебі: көше атауын транслитерация тәсілімен аударғанда, ол қазақ оқырманына ешбір қосымша мәлімет бере қоймас деп есептеуінен, оған қоса «Среднидл стрит» сөздерін қазақ тіліндегі шығармада кездестірген, мүмкін, әдеттегіден тыс нәрсе болар. Сондай-ақ, берілген мысалда және оның аудармасында тағы бір айырмашылықты байқауға болады. Англия банкінің қызметкерлерін «labyrinth of counters and desks, skirting paying-in clerks and paying-out clerks» деп суреттеу үлгісі қазақ тілінде «ығы-жығы столдардың арасмен банк қызметкерлерін жағалатып отырып...» деп аударылған.

Poirot thanked him, bade farewell to Miss Farquhar, and together we started out for Threadneedle Street and the head office of the London and Scottish Bank. On production of Ridgeway’s card, we were led through the labyrinth of counters and desks, skirting paying-in clerks and paying-out clerks and up to a small office on the first floor where the joint general managers received us. (Agatha Christie “The Million Dollar Bond Robbery”)

Пуаро рақметін айтып, Фаркуар бикеімен қош айтысқан соң, біз Лондон-Шотландия бірлескен банкісінің бас кеңсесіне қарай бет алдық. Риджуэй берген қағазды көрсетіп едік, бізді ығы-жығы столдардың арасмен банк қызметкерлерін жағалатып отырып, екінші қабаттағы бір кішірек кабинетке алып келді. Сол жерде бізді қос директор қабылдады. (Агата Кристи «Ғайып болған миллион»).

Қорыта келе, әр тілдің өз заңдары болады. Басқа тілдің заңдарына сәйкес құрастырылған сөз тіркесі сол тілде жағымды, жеңіл естілсе, басқа тілге ондай құрылымды тіркес жат болуы әбден мүмкін. Қазақ тіліндегі сөз тіркестері, сөйлемдер әдетте құрамы жағынан ағылшын тіліне қарағанда ауқымды болып келеді, демек оларды сөзбе-сөз аударған жағдайда тұтас тіркес ұзақ, мағынасыз болып шыға келеді. Бұндай кезде кейбір сөздерді алып тастау, сөздер орындарын ауыстыру, кейбір құрылымдарды қысқарту қажет етіледі. Олай жасаудағы мақсат – аударма мәтінінің оқырмандары кітаптан түпнұсқаның оқырмандарымен

бірдей әсер алуын қамтамасыз ету. Бұндай әрекет аудармашының қосымша ақпарат қосуы емес. Аудармашы ешбір жағдайда авторды түзетпейді, оның мәтінін жетілдірмейді, тек оның пайдалануына өз ана тілінің барлық құралдарын, оның әр алуан мүмкіншіліктерін береді. Басқа елде өмір сүретін басқа тілде шығармасын жазған жазушы сол тілдің бар байлығын өз білгенінше қолданады. Ол аудармашы аударып отырған тілде жазғанда, бояусыз, мағынасыз тілдік құралдар мен құрылымдардан аулақ болып, бейнелі сөз бен сөз тіркестерін қолданары сөзсіз.

Кітапты түпнұсқа тілінде оқитын адамдар алдында жазушының өзі жауап береді, ал аударылған мәтін үшін аудармашы жауапты. Ал аудармада автор ойы мен тұлғасы бұрмаланып, керемет туынды іш пыстырарлық мәтінге айналса, аудармашы нағыз қылмыскер десе де болады.

Аудару дегеніміз ағылшын тіліндегі сөзді оған сөздікте берілген қазақ тіліндегі бірінші баламасымен алмастыра салу емес қой. Аудару дегеніміз – ұғыну, түсіндіру, ашып көрсету, барынша сәйкес келетін сөздерді табу. Аса күрделі жағдайлар орын алып жатады. Ондай жағдайларда шығарманың мәнін дұрыс не бұрыс жеткізу аудармашыға, оның тұлғасына, ойлау қабілетіне байланысты болады. Егер аударма сәтті шықса, шығарманы басқа тілде қайта құру жүзеге асады. Оның нәтижесі әрдайым қайталанбас әсер қалдырады [18].

ӘДЕБИЕТ

- [1]. Макарова, М. (2018). Языковая образность как признак социальной культуры индивида. Retrieved from <http://www.dissercat.com/content/yazykovaya-obraznost-kak-priznak-sotsialnoi-kultury-individa>
- [2]. Мезенин С.М. Образные средства языка (на материале произведений Шекспира). – М., 1984. – 99 с.
- [3]. Азатьян А.В. К определению понятия образность в языковых единицах // Вопросы лексикологии, фразеологии, стилистики романо-германских языков. – Самарканд, 1978. – С. 15-21.
- [4]. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык. Учебник для вузов\ 4-ое изд., дополненное\ - М.: Флинта. 2002. – 380 с.
- [5]. Коралова А.Л. К вопросу о лингвистической образности // Вопросы романо-германской филологии. – М., 1972. – Вып. 70. – С. 72-89
- [6]. Арнольд И.В. Стилистика декодирования. – Л., 1974. – 75 с.
- [7]. Koonin A. English lexicology.– М., 1940. – 160 p.
- [8]. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы. «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
- [9]. Попович А.С. Проблемы художественного перевода [Текст] / А. Попович. М.: Высшая школа, 1988. – 408 с.
- [10]. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы. «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 147 бет.
- [11]. Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культур. – М.: Языки русской литературы. 1999. – С. 13-23.
- [12]. Звегинцев В.А. Мысли о лингвистике. – М., 1996. – 336 с.
- [13]. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика: Пособие для студентов гуманитарных вузов и учащихся лицеев. – 2-е изд., испр. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 207 с.
- [14]. Ощепкова В.В. Язык и культура Великобритании, США, Канады, Австралии, Новой Зеландии. – М./СПб.: ГЛОССА/КАРО, 2006. – 336 с.
- [15]. Дешериев Ю.Д. Социальная лингвистика. К основам общей теории. М.: Наука, 1977. – 381 с.
- [16]. В.И. Беликов, Л.П. Крысин. Социолингвистика. – М., 2001.
- [17]. Левый Иржи. Искусство перевода / перевод с чешского и предисловие Вл. Россельса. – М.: ПРОГРЕСС. – 1974, 358 с.
- [18]. Галь Н. Слово живое и мёртвое. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2018. – 352 с.

CULTURAL AND SOCIAL IMAGERY CREATING MEANS AND DIFFICULTIES OF THEIR TRANSLATION

Zhansultanova A.¹

¹Second year Master's Degree Student,

6M020700 – Translation Studies

KazUIRandWL,

Almaty, Kazakhstan

E-Mail: aina_zhansultanova@mail.ru

Abstract. The article is devoted to the difficulties of translating cultural and social imagery in fiction. The author considers the means and methods of creating cultural and social imagery, structure of cultural and social imagery, and explains the peculiarities of cultural and social representation through specific linguistic means. Moreover, the paper presents various opinions with regard to the features of literary translation a translator should pay attention to. With the view

to illustrate the problems arising during translation of cultural and social imagery, ways and methods of translating it, the short stories of a well-known English writer, Agatha Christie, as well as their translation serve as a basis to analysis of translation.

Key words: cultural and social imagery, imagery creating means, phraseological unit, metaphor, literary translation, problems of translation.

СРЕДСТВА СОЗДАНИЯ КУЛЬТУРНО-СОЦИАЛЬНОЙ ОБРАЗНОСТИ И ТРУДНОСТИ ПРИ ИХ ПЕРЕВОДЕ

Жансултанова А. Ч.¹

¹Магистрант 2 года обучения,
специальность 6М020700 – Переводческое дело
КазУМОиМЯ им. Абылайхана
Алматы, Казахстан
E-Mail: aina_zhansultanova@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена трудностям перевода средств создания культурно-социальной образности. Автор статьи рассматривает средства создания культурно-социальной образности, их структуру. Далее делается переход на особенности отражения культурных и социальных характеристик в таких средствах создания культурно-социальной образности. После чего предлагаются позиции разных учёных в отношении различных факторов, на которые переводчик должен обращать особое внимание при передачи художественного произведения. В качестве примеров перевода культурно-социальной образности, а именно средств её создания, автор статьи использует рассказы всемирно известного английского писателя Агаты Кристи и их переводы на казахский язык.

Ключевые слова: культурно-социальная образность, средства создания образности, фразеологизм, метафора, художественный перевод, проблемы перевода.

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН АУДАРМАШЫЛАРЫ ҚОРЫ

**ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ
АУДАРМА ІСІ ЖУРНАЛЫ**

**ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИЙ ЖУРНАЛ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ**

**CENTRAL ASIAN JOURNAL OF
TRANSLATION STUDIES**

1(2) 2019

**ҚАҢТАР-НАУРЫЗ 2019 Ж.
ЯНВАРЬ-МАРТ 2019 Г.
JANUARY-MARCH 2019**

Журнал 2018 жылдың қантар айынан шыға бастаған
Издается с января 2018 года
Published since January 2018

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published quarterly